

II ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАҒЫ ТҮТҚЫНДАР МӘСЕЛЕСІ



Қанат ӨСКЕМБАЕВ

Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, т.ғ.к., Қарағанды қ.

II дүниежүзілік соғыста Кеңес Одағы қарулы күштерінің адам шығыны – қаза тапқандар, жарақаттан және аурудан өлгендер, хабарсыз кеткендер, тұтқыннан қайтпағандар, Жапониямен соғысты қоса есептегенде 9 миллионға жетіп жығылады. Ал, демографиялық баланс әдісімен, Кеңес Одағының барлық адам шығыны 27 млн. деп есептеледі. Бұл бүгінгі ресми сан. Айта кету керек КСРО бойынша осы соғыста 1916–1923 жылдары арасында туған ер азаматтың 70 пайызы, 1924 жылғылардың 50 пайызы, 1925 жылғы туғандардың 30 пайызы өлген екен [1].

Біз бүгіндер II дүниежүзілік соғыс адамзат баласы дүниеге келгеннен бергі ең ірі апаты болғанын ұмытуға хақымыз жоқ. Осы соғысқа жетпістен астам мемлекет қатысты. Бұл соғыстың ерекшелігінің бірі өте көп шығын қарапайым азаматтардың арасынан мол болуы. Соғыс өрті жер шарының 80 пайызын немесе 1,7 миллиард адамды қамтыды, 55 миллиондай адам өліп, 35 миллион адам жараланды. Соғысқа қатысқан мемлекеттердің бір күндік шығыны 500 миллион доллар болған екен, майдан далаларында күніне 25 мың адам шейіт болып отырған [2]. Адамзатқа қарсы істелген нацистік қылмыс орта ғасырлардағы инквизиторлардың зұлымдығынан анағұрлым асып түсті. Гитлершілдер Еуропаның концентрациялық лагерьлерінде болған 22 миллион азаматтың 16 миллионын өлтірді. Жалпы, бүгінде II дүниежүзілік соғыста соғысқа қатысушы елдердің тұтқынға түскен адамдар санын айтқанда олардың 35 миллионға жетіп жығылатынын көрсететін фактілер бар. Олардың 4 миллионнан астамы КСРО-ның территориясындағы ГУЛАГ-тарда болғандар [3]. 1941–1946 жылдардың 1 қаңтарында алынған мәліметтер бойынша біз ГУЛАГ-тағы тұтқындардың санын №1 кестеде беріп отырмыз.

**№1 кесте. КСРО-ның ГУЛАГ-тағы тұтқындар саны [4]
(әрбір жылдың 1 қаңтарында алынған мәліметтер)**

Жылдар	Еңбекпен түзеу лагерлерінде (ИТЛ)	Контрреволюциялық қылмыстармен сотталғандары	Пайызға шаққанда	Еңбекпен түзеу колонияларында (ИТК)	Барлығы
1941	1500524	420293	28,7	429205	1929729
1942	1415596	407988	29,6	361447	1777043
1943	983974	345397	35,6	500208	1484182
1944	663594	268861	40,7	516225	1179819
1945	715505	289351	41,2	745171	1460677
1946	746871	333883	59,2	956224	1703095

Ал, Кеңес армиясының тұтқынға түскендері жайлы неміс мұрағаттарындағы жинақталған мәліметтер 5,7 млн. солдат және офицерлерден тұрғанын, оның аз дегенде 3,7 млн. өлгенін, 1 миллионы 3-ші рейхтың әскери-қарулы күші қатарында болғанын көрсетеді [5]. Бүгінде Подстам және Мәскеу мұрағатында соғыс жылдарындағы негізгі соғысушы елдердің штабтарының және оперативтік күзет қызметтерінің құжаттары сақталыпты. Сондағы фашистік Германияның СС, СД және құрылықтағы күштері басшылықтарының құжаттарын мұқият қарағанда кеңестер одағының тұтқындары саны 4 млн. екенін, ал жауға қызмет жасағандар саны 100 мыңнан асып жығылатынан көреміз. Бұл цифрдағы көрсеткіш әрине алғашқыдан төмен.

1945 ж. шілдеде Лондондағы Кеңес әскери атташесінде генерал Склярв жоғарғы басшыларға неміс тұтқынында болғандардың саны туралы мәліметтер берген. Бұл мәліметтерді америкалық генерал Вуд жасаған болтын. Онда, немістер соғыс жылдарында 4 млн. орыс әскерінің солдаттары мен офицерлерін тұтқынға алғанын, соның тек 800 мыңдайы ғана тірі қалғанын, ал қалған 3200 мыңдайын аштықтан, концентрациялық лагерлерде өлгендер, тұтқыннан қашқандар, майданнан өтіп қызыл әскерге, партизандар қатарына қосылғандар, 100 мыңдайы немістерге қызмет еткендер, әскери тұтқындағы жағдайын азаматтық жұмысшы жағдайымен ауыстырғандар болды [5]. Жалпы осындай санақ бұрынғы КСРО (бүгіндер РФ) мен Германияда үнемі жүрді. 1944 ж. 28 желтоқсанда КСРО-ның Сыртқы істер Халкомы Германиядағы соғыс тұтқындарының санын (әскери және бейбіт азаматтар) – 2,145 мың десе, немістердің берген цифры 5,700 мың адам болды. Америкалық генерал Вуд бастаған комиссия бұл цифрды көтермеленген көрсеткіш дейді. Тарихшы В. Земсков соғыстың аяғына қарай шет елдердегі тірі қалған кеңес азаматтарының санын 4.755.942 дейді. 1946 ж. 1 наурызына дейін оның елге қайтқандарының саны 4.199.488 (1.539.475 әскери тұтқындар және 2.660.013 бейбіт азаматтар), ал 1946 ж. 1-ші наурызынан 1952 жылдың 1 қаңтарына дейін 105 мың [6].

1945 ж. 10 шілдеде КСРО ХКК-нің репатриация (тұтқындарды еліне қайтару) жөніндегі басқарма өкілдігі тұтқында болған кеңес азаматтарының анықтамасын берді: барлық репатриацияға іліккендер саны 2.358.515 адам бол-

ды, оның ішінде соғыс тұтқындары – 918.483, бейбіт азаматтар – 1.439.032. Олардың 425.175-і Қызыл Армия қатарына, 60.624 адам ПХК-ның арнаулы лагерлеріне жіберілгені және репатриацияға жіберілетін арнаулы лагерлерде 397.103 тұтқындардың бар екендігі айтылған [5]. Бұл анықтамада тұтқынның ауыр зардаптарынан және СМЕРШ-тің арнаулы операцияларынан қаза болған 35.601 (санда ауытқу болуы мүмкін Қ.Ө.) адам кірмеген. Бұл дерек генерал Вудтың фашистерге 100 мың «власовшылдар» қызметте болды деген тұжырымын растай түседі. Алайда, фашистік Германия жағына соғыстың барысында (1942 ж. шілдеде) отанын сатып өткендер қатарында генерал-лейтенант Власов басқарған тек 2-ші Екпінді армия ғана болмағаны белгілі. Соғыстың алғашқы айларында-ақ, гитлершілдерге өткендердің ішінде генералдар Закутний, Благовещенский, Малышкин, Трухин бригада комиссары Жиленковтар болған.

Зерттеуші Л.Е. Решин Подсдамның әскери мұрағатындағы құжаттарымен таныса келіп «шығыстық» әскер құрамына алғашқылардың бірі болып (кейіннен «түземдік» әскер немесе «еріктілер») өткендерді көрсеткенде 1941 ж. Литва, Латыш, және Эстондық күзет батальондарын, 1941 ж. соңында оларды орыс, украин, «казак», кавказ, «түркістандық» (Орта Азиялық) т.б. батальондарымен толықтырылу жұмыстары жүргізілгенін айтады. Құжаттар II дүниежүзілік соғыс барысында жау Кавказ, Орта Азиялық, Повольжелік тумалардан тұратын 90 далалық батальонды, 20-дай орыс батальонын, бес жазалаушы казак полкін, украин және белорусь батальондарын құрғанын көрсетеді. Осы құрылған бөлімшелерге баға беруде әртүрлі қағидалар шығуда. Германиялық тарихшы Хоффман егер әрбір батальонда 1000 адам болса, онда барлығы 150 мыңдай адам болмақ дей отырып, оған украиндық СС «Галичина» дивизиясын, мұсылмандардан тұратын СС «Ханшар» дивизиясын, СС орыс дивизиясын, РОА (орыс азаттық армиясы) Власов армиясын, оған 599-шы орыс бригадасын (екі полк) қосады. Олай болса Кеңес азаматтарының фашистік Германия жағында қызмет жасағандар санының 600 мыңға дейін өсетінін көреміз. Оған көмекші полиция қызметкерлерін, «ерікті көмекшілерді» т.б. қосқанда бір миллионға барады дейді Хоффман [5].

Әрине, бұл тұжырымды көп тарихшылар қолдамайды. Шынында адам саны батальонда аз дегенде 900 адам болу керек екен. Алайда, Германия және Мәскеу мұрағаттарының құжаттарымен таныс тарихшылар неміс басқыншыларына қызмет жасаушы батальондардағы адамдардың санын 450–500-ден аспағанын көрсетеді. Сонымен бірге әрбір батальонда Решиннің айтуынша 50–60-тан немістердің кәсіби офицерлері мен солдаттары болған. Майдан даласындағы 1943 жылғы түбегейлі бетбұрыстардан кейін бұл бақылаушылардың саны 120–150-ге дейін өскен, сөйтіп «шығыстық» әскердің саны күрт төмендей түскен. Оған себеп неміс әскерінен қашу, қарсы қару жұмсау, командирлерді өлтіру, партизандарға өту т.б. Осылармен бірге оларға қарсы жазалау шаралары да өсті. Ал, немістерге миллиондап қызмет жасаған кеңес әскері жайлы бірде-бір құжат мұрағаттардан бүгінге дейін табылмай отыр. Оның ішінде 40 мыңдай адамы бар кавказ, «түркістандық» (Орта Азиялық)

батальондар, 10 мыңдай адамы бар СС «Галичина» дивизиясы, 28 мыңдай адамдардан тұратын РОА Власов армиясы мен 599-шы бригада, 10 адамы бар «казак» бөлімдері, 15 мыңдай – құрылыс және жұмысшы батальондар, 5 мыңдай – «зенитшілер, 40 мыңдай – Прибалт тұрғындары болды. Бар құжаттардағы деректер бойынша гитлершілдерде қызметте Кеңес әскерінің 180 мыңдайы болғанын, яғни тұтқынға түскендердің екі-үш пайызы екенін көреміз [5]. Сөйтіп бұл көрсеткіштерден жауға қызметке барғандардың Хоффман айтқандай миллиондап болмағанын көреміз.

Вермахтың Бас басқармасының, СС-тің бөлімшелерінің, Сыртқы істер министрлігінің бізге жеткен құжаттарынан, 1944 жылы 18 қазанда СС оберштурмбанфюрері доктор Арлттің «Тұран-Кавказ» бөлімінің басшысы Р. Ольцше берген рапортынан қолға түскен шығыс халықтарынан жасақталған «Ostlegione» деп аталатын легиондар құрамындағы «еріктілердің» саны көрсетілген. 1944 ж. қазан айында бұл құрамаларда 17000 – волж татарлары, 75000 – түркістандықтар, 12000 – қырым татарлары, 20000 – әзербайжандықтар, 18000 – армян, 20000 – грузин, 20000 – солтүстік кавказдықтар, 6000 – қалмақтар болған. Ал, 1944 жылы желтоқсанда кавказдықтар саны 60000, «хивилар» (қосымша қара жұмыстарда пайдаланатын еріктілер) – 20000, татарлар – 20000, РОА-дан іріктеліп алынған «хивилер» – 20000, түркістандықтар – 80000 (оның көпшілігі «хиви» рөлін атқарғандар болды) [7].

Өткен соғыс халыққа, соның ішінде неміс халқына да адам айтқысыз құрбандық әкелді. Фашистік Германияның кеңес-герман майданындағы адам шығыны 6.923.700-ге жетті. Австрия, Люксембург, Эльзас, Лотарингия, Судет немістерін, басқа да мемлекеттердің ерікті құрамаларын қосқанда және оның одақтастарының шығынын (Венгрия, Италия, Румыния және Финляндия – 1.725.000 адам) қоса есептегенде, Германия мен оның одақтастарының орны толмас шығындары 8645500 адам санын құрады. Егер оған 1941 ж. 22 маусымынан 1945 ж. 9 мамырына дейінгі уақытта Кеңес армиясы тұтқындаған қарсыласының 3.777.300 солдатты мен офицерлерін қоссақ (бұл санның ішінде немістер – 2.389.500, австриялықтар – 156.800, венгрлер – 513.800, румындар – 201.800, итальяндықтар – 48.900, финдіктер – 2.400 адам болды. Қалған 46400 әскери тұтқындар – КСРО-ға қарсы соғыста немістерге қызмет еткен ерікті құрамалардың құрамындағы басқа ұлттар – француздар, словактар, чехтар, поляктар, испандықтар, хорваттар, бельгиялықтар, голландықтар және басқалары), Германия мен оның одақтастары өлген және тұтқындалған 12.422.800 адамынан айырылды, оның ішінде 8313200-і немістер болды [8].

Әрине бұл құрғақ цифрлардың астында миллиондаған адамдардың тағдыры жатыр. II дүниежүзілік соғыста соғысқа қатысушы елдердің соғыс тұтқындары, дезертирлер мен «отанын сатқандар» мәселесі жайлы бұрынғы орталық басылымдарда аз айтылып, аз жазылған жоқ. Бұл бағытта өте көп зерттеу жұмыстарын бағыстық тарихшылар бүгінде қолға алған. Олар: Х. Штрайт, А. Штрайма, Ю. Торвальда, С. Фрелих т.б. Жаңа көзқараста қа-

лам тартқан зерттеушілердің ішінде Ресейлік тарихшы ғалымдардан В.Б. Ко-насовты, А.В. Терещукты, Г.П. Галицкиді, В.Н. Земсковты, Н.С. Райскиді, В.В. Всеволодовты және т.б. айтуға болады. Өкінішке орай, біздің бүгінгі қазақ зерттеушілері бұл тақырыпқа әлі де болса өте сирек назар аударып келеді. Ақиқатында сол сағыста біздің жауынгерлеріміз Отан алдындағы әскери борыштарын адал орындап, фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі соғыста жан аямастан табандылық пен батырлықтың адам сенбес небір үлгілерін көрсетті емес пе. Алайда соғыстың бірінші күнінен бастап аталған мәселелердің болғанын бүгінде ешкім де жоққа шығара алмайтыны да шындық. Қолға түскен тұтқындар немесе тағдырдың тәлкегіне ұшыраған дезертирлер мен «отанын сатқандар» жағдайына келетін болсақ, оның өзі үлкен мәселе. Олардың тағдырлары мәселесі Кеңес өкіметінде басқа елдермен салыстырғанда тіпті аянышты болғаны тарихымыздан бүгінде белгілі. Басқа мемлекеттердің тұтқындары кезінде 1907 жылы 18 қазанда Гаага, 1929 жылы 17 шілдеде Женева конвенцияларының «Соғыс тұтқындарын ұстау» және «әрекет жасаушы армияның жаралы және ауруларының жағдайын жақсарту» шешімдеріне сәйкес азды-көпті болса да қорғалғаны белгілі. Олар тіпті Халықаралық Қызыл Крест арқылы жүйелі түрде өз елдерінен киім-кешек, азық-түлік алып тұрған екен. Ал осы 47 мемлекет қол қойған конвенцияға ешқашан қатыспаған «халықтардың ұлы көсемі» Сталин біздің сорлы Кеңес тұтқындарын, дезертирлерді түгелдей «Отанын сатқан опасыздар» деп айыптап, қандай да бір жәрдем беруден бас тартты. Шындыққа жүгінетін болсақ, солардың көпшілігі өз тағдырын өздері таңдамағандардан тұрғандар еді. Мысалы тұтқындардың көпшілігі жау қолына жаралы болып, кантузия алып түссе, қайсы біреулері жау тылында жауынгерлік тапсырма орындау кезінде ұсталып қалғандар.

Жалпы, тарихтан біз Кеңес өкіметінің өз азаматтарын жазалау туралы заңдық актілеріне шолу жасасақ оның алғашқыларының сол 1917 жылдың аумалы-төкпелі жылдарында-ақ айналымға келгенін көреміз. Онымен 1993 ж. Мәскеу қаласында шыққан «Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий» атты жинақтан таныса аламыз. Мысалы, алғашқы заңдық күші бар актілер: 1917 жылғы 19 желтоқсандағы Әділет халық комиссариатының «Революциялық трибунал туралы» нұсқауы, Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің 1918 жылғы 5 қаңтардағы «Мемлекеттік өкіметтің функциясын алу үшін жасалған қадамдарды контрреволюциялық әрекеттер ретінде тану туралы» қаулысы, 1918 жылғы 5 қыркүйектегі Халық Комиссарлар Кеңесі «Қызыл террор туралы» қаулысы және т.б. тұр. Олардың мазмұнындағы мәселелер контрреволюциялық әрекеттер мен күреске арналған [9].

Кейін Кеңес өкіметі нақты орнап, нығайғаннан кейін бұл жаңа заңдармен кеңейтілді. 1922 жылы РКФСР Қылмыстық Кодексінің алғаш қабылдануы кеңестік әрбір азаматтың құқығын шектеп, жазалаудың ең жоғары шарасы – ату жазасын заңдастырды. Кодексте басты назар «мемлекеттік қылмысқа», оның

ішінде «контрреволюциялық қылмыс туралы» бөлімге аударылды [9, 13] және кейін бұл 58-бап – КСРО-дағы «үлкен террордың» басты тетігіне айналды. Осы заңдар жылдар өте күшейіп миллиондаған адамдардың, тіпті тұтас халықтардың тағдырын жерге таптады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында 58-бапқа ерекше мән беріліп, қосымша бұйрық, директивалар толықтырылды. «Шпионаж», «диверсия» әрекеттері кеңестер билігі үшін өзекті мәселеге айналып, мемлекеттік органдардың қатаң бақылауымен жүзеге асырылып отырылды. Мысалы 1941 жылы 28 сәуірде бүкіл Кеңес кеңістігінде орналасқан «Лагерлердегі тұтқындардың қашуымен күресті күшейту туралы» НКВД, Әділет Халкомы, КСРО Прокуроры директивасы шықты [9, 38]. Директивада барлық қашқындарды РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-14 бабы (...өкіметті құлату...) бойынша соттау ұсынылды.

1941 жылы 15 қарашада КСРО Әділет халкомының №18/28с «РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10 бабының 2-бөлігін және басқа одақтас республикалар Қылмыстық Кодекстерінің осындай баптарын қолдану туралы» [9, 39] хаты жарияланды. Ондағы негізгі мәселе Кеңес өкіметін құлатуға шақыратын насихат үшін тұлғаларға қатысты қылмысты істер... болды

1942 жылы 15 мамырда «Уақытша жаулап алған аудандарда неміс-фашист оккупанттарына қызметке өткен тұлғалар қылмыстарының дәрежесі туралы» КСРО Прокурорының бұйрығы шықты. Онда неміс-фашист жаулаушыларына қызметке өткен сатқындарды жазалау... мәселелері көтерілді [9, 39].

РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-3 (шетел мемлекеттерінің Республика ісіне қол сұғу..., оған соғыс жариялау т.б.) немесе оккупация кезінде фашист оккупанттарына көмектескендер; ...шпиондар, арандатушылар партизан, коммунист, комсомолдарды, кеңес қызметкерлері мен олардың жанұяларын ұстап бергені айғақталса...; Қызыл Армия бөлімдері мен партизандық отрядтарға қарсы әскери әрекеттерге және шетел барлауына қатысқандар; жазалаушы неміс органдарының жұмысына қатысқандар – РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-1«а» бабы бойынша... жауапкершілікке тартылады.

58-бап тек тылдағы қарсылыққа ғана емес, Қызыл Армияның өз жауынгерлеріне де қолданылды. Мысалы: 1942 жылғы 31 шілдедегі №1096 КСРО Прокуроры мен КСРО Әділет халкомының «Жоғары тұрған командирлер бұйрығынсыз әскери позициядан өз еркімен шегінгені және Қызыл Армия бөлімдерінің әрі қарай шегінуіне үгіт жүргізгені үшін сотқа тартылған саяси қызметкерлер, комиссарлар, командирлер әрекеттері дәрежесі және осы категориядағы істерді тексеру туралы» директивасы шықты [9, 41]. Бұл директива Қорғаныс халық комиссары Сталиннің 28-шілдедегі №227 бұйрығын орындау үшін ұсынылды. Онда: 1. Жоғары тұрған командирлердің бұйрығынсыз әскери позициядан өз еркімен шегінгені үшін сотқа тарту...; 2. Қызыл Армияның бөлімдерінің әрі қарай шегінуін үгіттегені үшін әскери трибуналда соттау...

1942 жылғы 12 қазандағы №13/18580с КСРО Прокуроры директивасы жарияланды [9, 41-42]. Директивада бандитизммен, қарулы тонаулармен және контрреволюциялық көтеріліс жұмыстарымен айналысқан дезертирлерді әс-

кери трибуналда соттауды және 58-1«б» бап бойынша Отанын сатқандарға ату жазасын сырттай беру айтылды. Бұл 1942 жылғы 11 қазандағы №2401сс Мемлекеттік қорғаныс комитеті қаулысына сай жасалды. Ал 1942 жылы 26 қазанда №003486 Әскери трибуналдар бас басқармасы бастығының директивасы тіпті бандитизіммен, тонаумен, контрреволюциялық әрекеттермен айналысқан дезертирлер мен Отан сатқындардың жанұяларын жазалау ұсынылды...

1942 жылы 29 қарашада №0145/04072 Бас әскери прокурор және әскери трибуналдар Бас басқармасының бастығы түсіндірмесі жарық көрді [9, 42]. Онда: 1. Бандитизіммен немесе қарулы істермен айналысқан дезертирлерге РКФСР ҚК 58-1 «б» бабымен ату жазасын беру... 2-ден, бандитизіммен немесе қарулы көтеріліс қызметімен айналысатын дезертирлерді жасырушыларды жазалау..., 3-ден, 1942 жылғы 11 қазандағы Мемлекеттік қорғаныс комитеті қаулысын өзімен бірге қаруды әкеткен дезертирлерді жазалау... т.б.

Бұдан кейін аталған мәселелерге КСРО Жоғары Сот араласты. Оны 1943 жылғы 25 қарашадағы №22/м/16/у/сс «Уақытша неміс басқыншылары жаулап алған аудандардағы жауларға көмек көрсету бойынша кеңес азаматтарының әрекетінің дәрежесі туралы» қаулысы шықты [9, 43]. Бұл құжатта алғаш рет трибуналдардың кеңес азаматтарының уақытша жаулап алу кезінде неміс басқыншыларына жасаған әрекеттеріне қарамастан барлығына отанын сатқандар қатарына жатқызу сыналды...

Түптеп келгенде Мемлекеттік қорғаныс комитеті, Әділет халық комиссариаты, КСРО Прокурорының шешімдері әскерилер мен қарапайым адамдарға қолданатын сол кездегі жазалау шарасы 58-бап бөлімдерімен байланысты болды.

Жаза «1943 жылғы 19 сәуірдегі КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы Жарлығы және ҚК 58-1 бабы, басқа одақтас республикалардың осындай баптары бойынша сотталған адамдар істерін әскери трибуналдар Бас Басқармасына ұсыну тәртібі туралы» – 1943 жылғы 9 қарашадағы №004088 сияқты үкімдермен тіпті күшейді. Онда әскери трибуналдар Бас Басқармасына істі болып жазаға ұшырағандардың жанұясын қуғындау, яғни өлім жазасына сотталған – асуға немесе атуға кесілген жағдайда, үкім бекітіліп, орындалғаннан кейін берілуі қажет деп тапты.

КСРО Жоғары Сотының Пленумы 1944 жылы 23 наурызда №5/1 сс «Қарсылас жағындағы майдан линиясына өз еркімен өту дәрежесі туралы» қаулы қабылдады. [9, 45-46]. Бұл қаулыға іліккендер де сатқындар деп қарастырылып, РКФСР ҚК 58-3 бабы бойынша жауапқа тартылды.

Жалпы, осы және толып жатқан басқа да заңдық актілерге сүйенген Кеңес үкіметінің заң органдары соғыс жылдарында соғыс тұтқындарының, дезертирлер мен «отанын сатқандардың» сазайын беріп отырды. Біз бұл мәселенің шет жағын №2 кестеден көре аламыз. Кесте 1942–1947 жж. КСРО территориясындағы ГУЛАГ-тардағы көп ұлтты өкілдердің құрамы мен санын береді.

**№2 кесте. 1942–1947 жж. ГУЛАГ-тың лагерлерінде
отырған тұтқындардың ұлттық құрамы [4]
(әрбір жылдың 1 қаңтарында алынған мәліметтер)**

Ұлттық құрамы	1942	1943	1944	1945	1946	1947
Орыстар	833814	600146	403851	441723	303132	412509
Украиндар	180148	114467	73832	85584	107550	180294
Белорустар	45320	25461	15264	15479	24249	32242
Грузиндер	11171	6960	5517	5446	4544	4609
Армяндар	10307	9300	6835	6903	5477	5728
Әзербайжандар	8170	4584	2924	4338	3163	1495
Қазақтар	19703	14888	11453	12321	7822	8115
Түрікмендер	8548	6078	3113	2681	2007	2397
Өзбектер	26978	20129	8380	8426	5570	4777
Тәжіктер	4896	3841	2194	1872	1335	1460
Қырғыздар	3537	2706	1437	1142	1034	894
Татарлар	29116	17915	11933	14568	9049	11045
Башқұрттар	4669	2414	1406	1579	905	1093
Еврейлер	23164	20230	15317	14433	10839	9530
Немістер	19258	18486	19773	22478	18155	18738
Поляктар	14982	11339	8765	8306	13356	16137
Финдер мен карелдер	3547	2781	2220	1929	1758	2245
Лагыштар	7204	5008	3856	3444	12302	11266
Литвалықтар	3074	3125	2048	1805	11361	15328
Эстондар	6581	4556	2933	2880	9017	10241
Румындар	1550	1040	857	815	840	978
Ирандықтар	1825	1176	772	678	501	558
Ауғандар	256	170	89	65	59	48
Монғолдар	64	37	22	49	20	49
Қытайлар	5182	3848	2792	2879	2614	1888
Жапондар	133	119	116	23	578	660
Корейлер	2403	2806	1257	1397	909	959
Гректер	2610	1859	1344	1382	1240	1247
Түріктер	488	297	226	281	264	186
Тағы басқалар	136898	79208	53068	50599	41247	29725
Барлығы:	1415596	983974	663594	715505	600897	786441

Ескерту: 1946 ж. 1 қаңтардағы мәліметте 145.974 лагер тұтқындарының ұлттық құрамы туралы дерек жоқ, сол сияқты 1947 ж. 1 қаңтардағы мәліметте – 22.398 тұтқынның ұлттық құрамы көрсетілмеген.

Енді, сол сұрапыл соғыс жылдарында майдан даласында ғана емес, тылда да күнделікті өмірде көрініс тапқан, соғыстан бой тасалап қашқан дезертирлер, оның ішінде Қызыл Армия, еңбек Армиясы, мобилизациядан және әскерге тіркелуден бас тартқандар жайлы айтсақ. Ал, бұлардың да соғыс жылдарында нақты болғанын ешкім бүгінде жоққа шығара алмайды. Бұл туралы құжаттарды айтқанда, алдымен біздің Республикадағы фактілерді келтірген жөн сияқты. Ол үшін біздер Қазақстан Республикасының Президенті мұрағатының құжаттары негізінде жасалған төмендегі №3 кестені бергенді жөн көрдік. Кестедегі мәліметтер тек бір ғана 1942 жылғы көрсеткішті береді. Құжаттарды сараптай отырып, біздер соғыстың алғашқы 1941–1942 жылдарында бұл көріністердің барлық облыстарда жиі қайталанғанын және адамдардың санының біре азайып, біре өсіп отырғанын байқаймыз. Мысалы:

№3 кесте. Республика бойынша 1942 жылғы қолға түскен дезертирлер саны [10]

Облыс аттары	ұсталғандар				
	Қызыл Армия қатарынан қашқандар	Еңбек Армиясының қатарынан қашқандар	Мобилизациядан бас тартқандар	Әскерге тіркелуден бас тартқандар	Барлығы
Алматы облысы	124	4	14	283	425
Ақмола облысы	128	22	106	100	356
Шығыс Қазақстан облысы	82	7	128	151	368
Жамбыл облысы	109	96	176	187	568
Қарағанды облысы	178	462	195	190	1025
Қызылорда облысы	246	27	202	76	551
Палодар облысы	90	3	40	37	170
Солтүстік Қазақстан облысы	308	102	135	57	602
Семей облысы	138	8	74	30	250
Оңтүстік Қазақстан облысы	234	190	281	135	840
10 облыс бойынша барлығы	1637	921	1351	1246	5155
Ақтөбе облысы	188	34	22	107	351
Гурьев облысы	126	104	33	52	315
Қостанай облысы	441	18	368	48	875
Батыс Қазақстан облысы	923	12	129	–	1064
4 облыс бойынша барлығы	1678	168	552	207	2605
барлығы	3315	1089	1903	1453	7760

	Дезертирлер	Еңбек Армиясының қатарынан қашқандар	Мобилизациядан бас тартқандар	Әскерге тіркелуден бас тартқандар	Барлығы
1942 ж. милиция органдары ұстағандар саны	3965	1689	7000	10009	22663
6/Х ҚКП(б) бюросынан кейін ұсталғандар	1333	993	1382	1432	5340
Республика бойынша барлық ұсталғандар саны	7280	2778	8903	11462	30423
1942 ж. желтоқсанның алғашқы он күндiгiнде ұсталғандар саны	191	135	229	314	869

Сонымен, 1942 жылғы қолға түскен барлық дезертирлер саны 4404 адам, оның 3315 адам Қызыл Армия қатарынан қашқандар, 1089 адам еңбек армиясының қатарынан қашқандар, 1903 мобилизациядан бас тартқандар, 1453 әскерге тіркелуден бас тартқандар болды.

Осы тұтқында болған азаматтар, соғыстан бой тасалап қашқан дезертирлер, оның ішінде Қызыл Армия, еңбек Армиясы, мобилизациядан және әскерге тіркелуден бас тартқандар жайлы айтқанда ескеретін нәрсе, бейбіт кезде-ақ өз ішінен жау іздеген большевиктер майдан жағдайында бұларға тіпті ауыр жазалауларды қолданып отырды. Сөйтіп, кеңес азаматтары екі жақты қысымда болды: олар, фашистер мен коммунистер. Екі жақтың жазалау шаралары да өте қатал болатын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Медведев Р. За ценой не постояли // Аргументы и факты Казахстан. №17, 2005. С. 3.
2. Б. Әбеу. Соғыс тағылымы. // Орталық Қазақстан. 2001. 20 маусым. 4-б.
3. Галицкий В.П. Вражеские военнопленные в СССР (1941–1945 гг.) // Военно-исторический журнал (ВИЖ). 1990. №9. С. 45.
4. Земсков В.Н. ГУЛАГ, где ковалась победа // Родина. 1991. №6-7. С. 69-70.
5. Решин Л.Е. «...Русские пленные добровольно служить не идут...» // Известия. 1990. №148. 28 мая, С. 3; Соныкі және басқалар, 1941 год. Кн. 2, том 93. Москва. Международный фонд «Демократия», 1998.
6. Земсков В.Н. Репатриация и вторая волна эмиграции // Родина. 1991. №6-7. С. 111; Соныкі, Репатриация советских граждан и их дальнейшая судьба (1944–1956 гг.) // Социологические исследования. 1995. №6. С. 6.

7. Кокебаева Г. Материалы архивных фондов ФРГ как источник изучения истории Советских военнопленных // Қазақстан мұрағаты. 2006. №1(2). С. 98-103.
8. К. Аманжолов, А. Тасболатов. Қазақстанның әскери тарихы. Алматы. 1999. Б. 295.
9. Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв репрессий. М.: Республика: Верховный Совет Рос. Федерации, 1993. 223 с.
10. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты 708-к., 1-т. 942-іс.